



## Меншікті бағалы қағаздармен мәмілелер туралы ақпарат Тұрақты есеп

**Алматы, Қазақстан** - «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі - «**Қоғам**») 2024 жылғы 30 сәуірде жарияланған Акциялар мен ҒДҚ-ды сатып алу бағдарламасына сәйкес («**Бағдарлама**») Қоғамның жай акцияларының («**Акциялар**») және Акцияларға қатысты құқықтарды куәландыратын ғаламдық депозитарлық қолхаттардың («**ҒДҚ**») төменде көрсетілген санын «Nalyk Finance» АҚ арқылы 2024 жылдың 3 қыркүйек және 9 қыркүйек аралығында (бұдан әрі – «**есеп беру кезеңі**») сатып алу туралы хабарлайды.

Бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде күн сайын жасалған мәмілелер туралы біріктірілген ақпарат төменде көрсетілген:

Мәміле күні	Мәміле жасалған биржа	Акцияларды бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (теңге)	ҒДҚ-ны бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (АҚШ долл.)	Сатып алынған Акциялардың жалпы саны	Сатып алынған ҒДҚ-ның орташа саны	Мәмілелердің жалпы бағасы (АҚШ долл.)*
03.09.2024	AIX / KASE/ LSE	817,87	6,83	23 739	4 117	68 366,15
04.09.2024	AIX / KASE/ LSE	817,34	6,80	23 307	3 814	65 385,91
05.09.2024	AIX / KASE/ LSE	815,30	6,77	23 422	3 621	64 019,12
06.09.2024	AIX / KASE/ LSE	806,49	6,46	24 794	4 033	67 460,28
09.09.2024	AIX / KASE/ LSE	808,04	6,49	21 271	4 077	62 224,67
Сатып алынған Акциялар мен ҒДҚ-ның саны және есеп беру кезеңі ішінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				116 533 Акция	19 662 ҒДҚ (78 648 Акцияға қатысты құқықтарды куәландыратын)	327 456,13 АҚШ долл.
Сатып алынған Акциялар мен ҒДҚ-ның саны және Бағдарламаны іске асыру шеңберінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				1 545 364 Акция	221 923 ҒДҚ (887 692 Акцияға қатысты құқықтарды куәландыратын)	4 625 919,36 АҚШ долл.

\* Акцияларды сатып алу мәмілелер бөлігінде, тиісті мәміле жасалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша

Бағдарлама шеңберінде «Haluk Finance» АҚ жасаған жекелеген мәмілелер бойынша ақпарат төмендегі сілтеме бойынша қолжетімді:

<https://ir.airastana.com/media/8dcd1634fb93a97/detailed-information-03-09-09-09-kz.pdf>

Осы хабарландыру қандай да бір юрисдикциядағы бағалы қағаздарды ұсыну туралы ұсыныс немесе өтініш болып табылмайды. Қоғам да, Бағдарлама мақсаттары үшін Қоғам тартқан брокерлер де, олардың үлестес тұлғалары да (немесе олардың тиісті директорлары, қызметкерлері, агенттері немесе кеңесшілері) ҒДҚ-ның акционерлері немесе ұстаушылары өздерінің кез келген немесе барлық Акцияларын немесе ҒДҚ-ны сатуға тиіс пе екендігіне қатысты ешқандай ұсынымдар бермейді. ҒДҚ акционерлері мен ұстаушыларына Бағдарламаға қатысуға қатысты өз қаржылық ақыл-кеңестері үшін өзінің брокеріне (леріне), инвестициялық менеджеріне (леріне), заң кеңесшісіне (леріне), бухгалтеріне (леріне), кастодианына (леріне) немесе басқа да уәкілетті тәуелсіз қаржы кеңесшісіне (леріне) жүгіну ұсынылады. Акциялары және/немесе ҒДҚ-ны оның атынан брокерде, дилерде, банкте, кастодианда, траст компаниясында немесе басқа номиналды ұстаушыда сақталатын кез келген жеке тұлға немесе компания, егер олар Бағдарламаға қатысқысы келсе, осындай тұлғаға жүгінуге тиіс.

Қосымша ақпарат алу үшін [ir.airastana.com](http://ir.airastana.com) сайтына кіріңіз немесе төменде телефондарға хабарласыңыз:

**Air Astana**

Инвесторлармен байланыстар  
жөніндегі қызмет  
[investor.relations@airastana.com](mailto:investor.relations@airastana.com)

**Air Astana**

Корпоративтік коммуникациялар  
жөніндегі департамент  
[media@airastana.com](mailto:media@airastana.com)

**Instinctif Partners**

[airastana@instinctif.com](mailto:airastana@instinctif.com)

**Қоғам туралы**

«Эйр Астана» АҚ Тобы («Эйр Астана» АҚ және «FlyArystan» АҚ) кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. Air Astana тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған Air Astana толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 56 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. Air Astana Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. Air Astana Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он екі рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік қызмет көрсету» марапатын сегізінші рет иемденіп отыр. FlyArystan екінші рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын алды. Сонымен қатар, «Эйр Астана» АҚ АРЕР (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).